

«Бекітемін»  
«Балбөбек» жеке балабақшасы  
менгерушісі: Бисенова А.К.



2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары

№	Іс –шаралар	Өткізу мерзімі	Жауапты тұлға
1.	Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту және жылдық жоспарды талқылау	Қыркүйек	Әдеп кеңесінің төрайымы
2.	Педагогтің кәсіби мәдениеті және әдеп нормалары» дөңгелек үстелі	Қазан	Әдіскер
3.	Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынас мәселелері	Желтоқсан	Әдеп кеңесінің мүшесі
4.	Педагогикалық ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық	Ақпан	Психолог
5.	Жас мамандардың педагогикалық әдеп талаптарын сақтауына талдау	Сәуір	Әдеп кеңес мүшесі
6.	Жылдық жұмыстың қорытындысы, ұсыныстар қабылдау	Мамыр	Әдеп кеңес мүшесі

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы І ХАТТАМА

Өткізілген күні: 15 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 6 педагог

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

### КҮН ТӘРТІБІ:

2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту.

Кеңестің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау жөніндегі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы сөз алып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің педагогикалық әдеп талаптарына сәйкес кеңес құрамын таныстырды. Кеңестің негізгі міндеттері ретінде педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын бақылау, ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және педагогтердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар атап өтілді. Екінші мәселе бойынша әдіскер 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, жас мамандарға қолдау көрсету және педагогикалық этика мәселелерін талқылауға арналған іс-шаралар қарастырылғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелері педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер және тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

### СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Г.Е.Сариева педагог педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әр педагогтің кәсіби міндеті екенін атап өтті.

Қ.Ж.Утехаева педагог ата-аналармен қарым-қатынас кезінде сыпайылық пен өзара құрмет қағидаларын ұстанудың маңыздылығына тоқталды.

### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.


2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Әдеп қағидаларын түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Жас мамандарға педагогикалық әдеп мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілсін.

Кеңес отырыстары жоспарға сәйкес өткізілсін.

Төраға:  А.К.Бисенова

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

### №2 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «6» қазан 2025 ж.

Қатысқандар саны: 6 адам

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

### Күн тәртібі:

«Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді коммуникация және жанжалдың алдын алу» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің қорытындысы.

Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау жағдайы.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер сөз алып, педагог пен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталды. Дөңгелек үстел барысында қарастырылған мәселелер мен тәжірибе алмасу нәтижелері таныстырылды. Педагогтер ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық, өзара түсіністік және ынтымақтастық қағидаларын сақтау қажеттігін атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау деңгейін талқылады. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасқаны, қызметтік қарым-қатынаста әдеп нормаларының сақталатыны айтылды.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері ата-аналармен байланысты нығайту, жанжалдың алдын алу және педагогтердің кәсіби беделін арттыру бағытында ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етті:

Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді коммуникацияны дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Жанжалдардың алдын алу мақсатында түсіндіру және кеңес беру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау мәселесі тұрақты бақылауда болсын.

Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Төраға:  А.К.Бисенова

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№3 Хаттама

Өткізілген күні: 14 желтоқсан 2025 ж.

Қатысқандар саны: 7 адам

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

Күн тәртібі:

Педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау деңгейіне талдау жасау.

Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынасты жетілдіру жолдары.

Жас мамандарға педагогикалық әдеп нормаларын меңгерту бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Төрайым педагогтердің кәсіби этика қағидаларын сақтау жағдайына тоқталып, оқу жылы барысында жүргізілген бақылау нәтижелерін таныстырды. Педагогтердің көпшілігі әдеп нормаларын сақтайтыны, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен өзара құрмет қағидаларын басшылыққа алатыны атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер ата-аналармен тиімді байланыс орнатудың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналармен өткізілген кездесулер, консультациялар және сауалнама нәтижелері талданып, туындауы мүмкін жанжалдардың алдын алу жолдары қарастырылды.

3-мәселе бойынша:

Жас мамандармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы ұсынылды. Тәлімгерлердің қолдауымен өткізілген семинарлар, кеңестер мен тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижесінде жас педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп нормаларын сақтау деңгейінің артқаны айтылды.


Қаулы етті:


Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі форматтағы кездесулер ұйымдастыру.

Жас мамандарға тәлімгерлік қолдауды жалғастыру.

Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Төраға: А.К.Бисенова 

Хатшы: Кадемова Г.Г. 

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

### №4 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «14» ақпан 2026 ж.

Қатысқандар саны: бадам

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

#### Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қорытындылау.

Педагогтердің кәсіби этика қағидаларын сақтау бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі.

Келесі оқу жылына арналған міндеттер мен ұсыныстарды бекіту.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы 2025–2026 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес тарапынан атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жылдық жоспарға сәйкес барлық іс-шаралардың орындалғаны, педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп нормаларын сақтау деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі жүргізілгені айтылды.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау бойынша жүргізілген бақылау нәтижелерін таныстырды. Ұжым мүшелерінің педагогикалық әдеп кодексін басшылыққа алатыны, ата-аналармен, тәрбиеленушілермен және әріптестермен қарым-қатынаста өзара сыйластық пен жауапкершілікті ұстанатыны атап өтілді.

3-мәселе бойынша:

Келесі оқу жылында педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

#### Қаулы етті:


2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Жас мамандарға тәлімгерлік қолдау көрсету іс-шаралары күшейтілсін.

Ата-аналармен тиімді қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

2026–2027 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілсін.

Төраға:  А.К.Бисенова

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№5 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «6» сәуір 2026 ж.

Қатысқандар саны: бадам

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

Күн тәртібі:

Педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуына жүргізілген мониторинг қорытындысы.

Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен қызметтік қарым-қатынас этикасын жетілдіру мәселелері.

Ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау және нығайту жолдары.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен атқаратыны, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтайтыны анықталды.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру бағытында ұйымдастырылған іс-шаралар туралы баяндама жасады. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және іскерлік қарым-қатынас әдебін сақтау мәселелері қарастырылды.

3-мәселе бойынша:

Педагог-психолог ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалдың маңыздылығына тоқталып, қызметкерлер арасындағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты нығайту бойынша ұсыныстарын айтты.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, кәсіби мәдениетті арттыру және ұжымдық бірлікті нығайту жөнінде пікір алмасты.

Қаулы етті:

Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізілсін.

Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған семинарлар мен тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылсын.

Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына жүйелі бақылау жүргізілсін.

Төраға:  А.К.Бисенова

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№6 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «26» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар саны: 7 адам

Төраға: А.К.Бисенова

Хатшы: Кадемова Г.Г.

Күн тәртібі:

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жартыжылдық мониторинг нәтижелері.

Педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.

Қақтығыстардың алдын алу және оларды шешу жолдары.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Кеңес төрайымы педагогикалық әдеп нормаларының орындалуына жүргізілген жартыжылдық мониторинг нәтижелерін таныстырды. Жалпы алғанда педагогтердің қызметтік этика талаптарын сақтайтыны, жауапкершілікпен жұмыс істейтіні атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер педагог пен тәрбиеленуші арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығына тоқталды. Баланың жеке тұлғасына құрмет көрсету, қолдау көрсету және позитивті қарым-қатынас орнату қажеттігі айтылды.

3-мәселе бойынша:

Педагог-психолог ұжымдағы және ата-аналармен туындауы мүмкін қақтығыстардың алдын алу жолдарын түсіндірді. Сыпайылық, сабырлылық және тиімді коммуникация әдістерін қолдану ұсынылды.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері педагогикалық әдепті жетілдіру, балалармен жұмыс сапасын арттыру және жанжалдың алдын алу бойынша ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етті:

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Педагог пен бала арасындағы оң қарым-қатынас мәдениеті күшейтілсін.

Қақтығыстардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Педагогтердің кәсіби этикасын арттыруға бағытталған семинарлар ұйымдастырылсын.

Төраға :  А.К.Бисенова

Хатшы :  Кадемова Г.Г.